

	«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» мекемесі	Сапа менеджменті жүйесі	
		Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже	Өзгерістер № _____ Күні _____ Дана _____



БЕКІТЕМІН

Академик Қ.Сәтбаев атындағы

ЕИТИ ректоры

Д.М. Сиваракша Д.М. Сиваракша

«24» сәуір 2024 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Екібастұз

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	

Алғы сөз

1 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен **ӘЗІРЛЕНГЕН**

2 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен **ЕНГІЗІЛГЕН**

3 ӘЗІРЛЕУШІ:

Баймурзина Ш.Г. – Инклюзивті білім беру орталығының меңгерушісі

4 Институт Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы «24» сәуір № 9 шешімі негізінде ректор **БЕКІТКЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗГЕН**

5 САРАПШЫЛАР:

1. Потяга Л.А. – Білім сапасын ішкі қамтамасыз ету департаментінің басшысы (меңгерушісі);
2. Унайбаев Б.Б. – Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
3. Асылова К.Б. – Инженерлік-экономикалық факультет деканы;
4. Кульбидюк Л.В. – «Оқу бөлімі» бөлімінің бастығы.

Осы Ережені «Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	4
4 Негізгі ережелер	5
5 Инклюзивті білім беру аясында Институттың білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді және білім беру процесін бейімдеу бойынша ұсыныстар	6
Құжаттың өзгерістер, толықтырулар және ревизиялар тіркеу парағы	7

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Бұл Ереже «Академик Қ. Сәтпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» мекемесінде (бұдан әрі – Институт) арнайы білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды дайындау бағыттары бойынша инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2 Нормативтік сілтемелер

- Бұл Ережеде Республика Қазақстанның келесі нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер қолданылады:
- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы;
- Қазақстан Республикасы Халықты еңбекке орналастыру және әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2025 жылғы 6 тамыздағы № 244 бұйрығы. «Мүгедектер мен қозғалысы шектеулі топтардың қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылым нысандарының халық үшін қолжетімділігі бойынша қызметтер» кәсіби стандартын бекіту туралы;
- 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III «Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген);
- 2015 жылғы 16 қарашадағы № 406-V «Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген);
- 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 124-VII «Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (инклюзия саласындағы заңнаманы өзектілендіру);
- 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (нозологияларды анықтау және өзара іс-қимыл жасау бөлігінде);
- 2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген);
- Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері»;
- Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 512 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың Әдістемелік ұсыныстарын бекіту туралы» бұйрығы (жаңа заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылатын);

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	

– Академик Қ. Сәтпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының Жарғысы.

3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Инклюзивті білім беру – білім алушылардың арнайы білім беру қажеттіліктерінің алуан түрлілігі және жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық білім алушылар үшін білім беруге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Арнайы білім беру қажеттілігі (АБҚ) бар тұлға – білім беру процесінде денсаулық жағдайына байланысты бар мүмкіндіктері шектеулілігі немесе әлеуметтік, тілдік, мәдени немесе басқа да факторларға байланысты жалпы қабылданған білім деңгейіне жету және (немесе) даму үшін қосымша тұрақты немесе уақытша қолдауға мұқтаж оқушы (студент).

Мүгедек – аурулардың, жарақаттардың салдары немесе кемістіктердің салдарынан болатын, тіршілік ету қызметін шектейтін және оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін денсаулық бұзылуы бар, организм функцияларының тұрақты бұзылуы бар адам.

Нозология – аурулар (сырқаттар) туралы ілім, олардың жіктелуі мен зерттелуі. Инклюзивті білім беру контекстінде – оқыту үшін қажетті арнайы шарттардың сипаты мен көлемін анықтайтын денсаулық бұзылуларының жіктелуі.

Тьютор – АБҚ бар студенттің білім беру және әлеуметтік ортаға сәтті интеграциялауы үшін жағдайларды ұйымдастыратын, жеке білім беру траекториясын іске асыру процесіне серіктес болатын маман.

Бейімделген білім беру бағдарламасы – АБҚ бар тұлғаларды оқыту үшін олардың жеке мүмкіндіктері мен психофизикалық даму ерекшеліктері ескеріліп, даму бұзылуларын түзетуді және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін бейімделген білім беру бағдарламасы.

3.1 Белгілер мен қысқартпалар

ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс;

СББ – сапаны басқару жүйесі;

АБҚ – арнайы білім беру қажеттілігі;

ИБО – Инклюзивті білім беру орталығы.

4 Негізгі ережелер

4.1 Барлық дайындау бағыттары бойынша оқу процесін қамтамасыз ететін кафедралар, арнайы білім беру қажеттілігі бар студенттерді (бұдан әрі – АБҚ) инклюзивті оқытуды қолдау жұмысын да жүзеге асырады.

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	

4.2 АБҚ бар білім алушылар үшін жағдайлар жасау мына мәселелерді шешуді қамтиды: инклюзивті оқытудың ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету, мүгедектерді электрондық оқыту және қашықтықтан білім беру технологияларының бағдарламалары; әлеуметтік-мәдени оңалту және интеграциялау; АБҚ бар түлектерді жұмысқа орналастыруға көмектесу; кедергісіз сәулеттік орта (әмбебап дизайн) құру.

4.3 Әрбір дайындау бағыты бойынша тұрақты түрде келесі жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- АБҚ бар тұлғаларды тіркеу, оқу, жұмысқа орналасу кезеңдерінде сараланған есепке алу жүргізу (эдвайзерлер, деканат және Инклюзивті білім беру орталығының өзара әрекеттесуі арқылы);

- АБҚ бар тұлғаларды оқытуға қойылатын талаптар туралы ақпаратты талдау және оны институт басшылығына жеткізу, соның ішінде қолда бар шарттарға қосымша жағдайлар құру қажеттілігі туындаған жағдайда.

4.4 Кафедра меңгерушілері инклюзивті білім беруді қолдау жұмысын деканат пен Институттың Инклюзивті білім беру орталығымен тығыз байланыста жүргізеді.

4.5 Институтта инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және іске асыру үшін жауапты ақпараттық-кеңес беру бөлімі – Инклюзивті білім беру орталығы (ИБО) болып табылады.

5 Инклюзивті білім беру аясында Институттың білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді және білім беру процесін бейімдеу бойынша ұсыныстар

5.1 Білім беру бағдарламаларын және білім беру процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етуін бейімдеу бойынша ұсыныстарға мыналар жатады:

- білім беру бағдарламасының вариативті бөлігіне арнайы бейімделу пәндері (модульдері) енгізу;

- арнайы білім беру қажеттілігі бар оқушыларға «OES» жүйесінде бейімделген электронды нұсқадағы ОӘМК ұсынылады. Оқытушы пәнді меңгеру процесінде жеке қолдау көрсетеді, оған қолайлы түрде (онлайн/офлайн) кеңестер кіреді. Академиялық бейімделу шарасы ретінде мұндай оқушылар үшін келісім бойынша барлық түрдегі бақылау тапсырмаларын орындауға және ағымдық, аралық және қорытынды бақылаудан өтуге бөлінетін уақыт ұлғайтылады;

- білім беру ұйымы жасайтын әдістерді тандау АБҚ бар тұлғалар үшін олардың қолжетімділігіне байланысты жүзеге асырылуы;

- АБҚ бар білім алушы тұлғаларды денсаулықтарының шектеулеріне бейімделген нысандағы басылым және электронды білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету;

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	

- АБҚ бар тұлғалар үшін тәжірибеден өту орындарын таңдау осы білім алушылар үшін олардың қолжетімділігі талаптарын ескере отырып жүзеге асырылуы;

- ағымдық және қорытынды аттестацияны АБҚ бар тұлғалардың нозологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу;

- қажет болған жағдайда АБҚ бар тұлғалар үшін жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу кестелерін әзірлеу;

- АБҚ бар түлектерді жұмысқа орналастыруға дайындау және жұмысқа орналастыруға, сондай-ақ оларды жұмыс орындарында бекітуге көмектесу.

5.2 Электрондық оқыту және қашықтықтан білім беру технологияларын қолданумен білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:

- нозологияларға байланысты қолжетімді нысандарда ақпаратты қабылдау-беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық оқытудың технологиялық құралдарын пайдалану;

- АБҚ бар білім алушы тұлғаларды электронды ортада қажетті оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ету;

- онлайн/офлайн технологияларын, сондай-ақ қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылатын оқу процесінде икемді жеке және ұжымдық жұмыс нысандарын біріктіруді қамтамасыз ету.

Құжаттың өзгерістер, толықтырулар және ревизиялар тіркеу парағы

[illegible]

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»	
